



SOZAK ÚNÍ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№69 (9142)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СЕНБІ
23 қыркүйек, 2023 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

**5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023**

Түркістан облысы Созақ ауданының
**ӘКІМІН САЙЛАУ
ВЫБОРЫ АКИМА**
Созакского района Туркестанской области



ларға қатысты қабылданып жатқан іс-шаралар жөнінде ой қозғады.

«Биыл еліміздің киберқауіпсіздігін нығайтуға бағытталған «Киберқалқан-2.0» бағдарламасы іске қосылды. Біз 2025 жылға қарай айтарлықтай нәтиже күтеміз: жаһандық киберқауіпсіздік индексі: топ-20 елге кіру. 2025 жылға қарай біздің мақсатымыз – «Электрондық үкіметті» 100 пайыз қорғау. «Киберқалқан-2.0» бағдарламасы елімізді цифрлық әлемде қауіпсіз етуге кепілдік береді», деді комитет төрағасы.

Сондай-ақ конференция аясында «OSINT және Киберқауіпсіздік: цифрлық әлемдегі барлау және қорғау» тақырыбында өткен workshop-та Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының сарапшысы Виталий Перов сөз сөйледі. Оқытуға мемлекеттік

Өзекті киберқауіпсіздік

Орталық Азиядағы киберқауіпсіздік бойынша «KazHackStan Turan» конференциясы өз мәресіне жетті. Ақпараттық және киберқауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелер көтерілген алаңда 4 мыңға жуық сарапшы қатысты. Үш күнге созылған ауқымды іс-шараны Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті ұйымдастырды.

«KazHackStan» – тәжірибе алмасатын, ақпараттық және киберқауіпсіздік саласындағы түйткілді мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынатын алаң. Биыл конференцияның панельдік сессияларына шетелден 30-дан астам спикер шақырылды. Олар киберқауіптерден қорғаудың заманауи жолдары мен әдістерімен бөлісті. Алғашқы күні «Қазақстанда және өңірде кибертұрақтылықты қамтамасыз ету» тақырыбындағы пленарлық сессияда Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов адами капиталды дамыту және мемлекеттік саясатты жетілдіру, талаптарды бұзушы-

орғандар мен жеке сектордан 300-ден астам қызметкер қатысты. Олар ашық барлау көзі (OSINT) және киберқауіпсіздік әдістерімен танысты. Виталий Перов өзінің киберқауіпсіздік саласындағы тәжірибесін бөлісіп, желідегі компаниялар мен ұйымдар жиі бетпе-бет келетін қауіп-қатерлерді тізбектеді. Спикер кибершабуылдардың алдын алу үшін қандай қорғаныс шараларын қолдануға болатынын және оған қандай құралдар мен технологиялар көмектесе алатынын түсіндірді. Бұған қоса АКТ-ны қолдану арқылы қылмыстарды ашу бойынша «CyberPol»-мен бірлесе жүргізіліп жатқан жұмыстарын айтты.

Конференцияға қатысушылар да өздерінің жинаған білім-біліктерін, тәжірибелерін және идеяларын ашық, бөлсенді түрде бөлісті. Киберқауіпсіздікке қатысты оқыту мен дамытудың әртүрлі аспектісіне арналған сессиялар осы саладағы ең өзекті сын-қатерлер мен бастамаларды айқындады.



Президент «Орталық Азия-АҚШ» мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорктегі жұмыс сапарының аясында «Орталық Азия – АҚШ» мемлекеттер басшыларының саммитіне қатысты.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты. Жиында С5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды. Саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джоозеф Байденнен кейін сөйледі», делінген ақпаратта.

Саммитте Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те сөз сөйлеп, стратегиялық серіктестікті, саяси диалог-

ты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды. Саммитте экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ америкалық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жаңартылатын энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктері айтылды.

С5+1 форматындағы саммитте қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайтуға да баса мән берілді.

Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде келешекте Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын ашу ісінде АҚШ тарапының қолдауына сенім артатынын жеткізді.



Ризабек-тұңғыш әлем чемпионы!

Сербияның Белград қаласында күрес түрлерінен өтіп жатқан әлем чемпионатында жерлесіміз Ризабек Айтмұхан алтын медаль олжалады.

Ризабек 92 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, финалда Әзербайжан балуаны Осман Нұрмағамедовты жеңді.

Осылайша, еркін күрестен елімізден шыққан тұңғыш әлем чемпионы Ризабек көк байрағымызды желбіретті.

Жарайсың, Ризабек! Қазақ елі бұл алтын медальді 32 жыл күтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

**5 ҚАРАША
НОЯБРА
2023**

**АУДАНДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР
ҚАЛАЛАРДЫҢ ӘКІМДЕРІНЕ КАНДИДАТТАРҒА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 1 ҚР азаматы
- 2 25 жас
- 3 Мемлекеттік саяси қызметшілерге белгіленген талаптарға сәйкестігі
- 4 Мемлекеттік қызметшілер үшін жалпы шектеулер
- 5 Арнайы тексерудің оң нәтижесі

**САЙЛАНАТЫН ӘКІМДЕРДІҢ
ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ 4 ЖЫЛ**

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

**5 ҚАРАША
НОЯБРА
2023**

**АУДАНДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР
ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ**

2023 жылғы 5 қарашада ҚР 17 облысында пилоттық режимде 45 аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау өтеді.

Әкім сайланады:

- 4 жыл
- 25 жастан асқан

1. «ҚР Сайлау туралы» Заңы
2. «ҚР Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы
3. «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы

КАНДИДАТТАРДЫ УСЫНУ ҚҰҚЫҒЫ:

САЯСИ ПАРТИЯЛАРҒА → 1 саяси партия – 1 кандидат

ӨЗІН-ӨЗІ УСЫНУ ТӘРТІБІМЕН АЗАМАТТАРҒА → дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының 1% дауысы

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

ӨЗІН-ӨЗІ УСЫНУ КЕЗІНДЕ:

- 1 өтініш
- 2 кандидатты қолдау үшін жиналған қолдарды тексеру туралы хаттама
- 3 кандидат пен жұбайының (зайыбының) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары
- 4 кандидат пен жұбайының (зайыбының) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары

САЯСИ ПАРТИЯДАН:

- 1 өтініш
- 2 саяси партияның отырысының шешімінен үзінді
- 3 саяси партияның басшы органының кандидатты ұсыну жөніндегі шешімінен үзінді
- 4 кандидат пен жұбайының (зайыбының) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамалары

5 ЕТЖ мөлшерінде сайлау жарнасының енгізілгенін куәландыратын құжат

5 ЕТЖ мөлшерінде сайлау жарнасының енгізілгенін куәландыратын құжат

мемлекеттік қызмет саласындағы талаптарға сәйкестігін тексеру үшін қажетті құжаттар

мемлекеттік қызмет саласындағы талаптарға сәйкестігін тексеру үшін қажетті құжаттар

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жартытөбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесіп, ел алдында есеп берді. Жиын барысында аудан көлемінде атқарылар ауқымды жобаларға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

«Аудан көлемінде қолға алынған ауқымды жобаларымыз бастау алып, тиісті жұмыстар жалғасуда. Аудандағы атқарылу керек шаралар маған етене таныс. Алға қойған нақты жоспарымыз бар. Биылғы жылы көп жылдан елеусіз қалған шағын елді мекендерге баса көңіл бөлудеміз. Орталық көшелері жарықшамдармен қамтылып,



АУДАН БАСШЫСЫ ЖАРТЫТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

асфальт жабындысы төселуде. Бұдан бөлек, тау бөктеріндегі ауыз су бармаған бірқатар елді мекендерге ауыз су тарту мәселесі қолға алынды. Бүгінде мердігер мекеме анықталды. Жақын күнде құрылыс жұмыстары басталады. Осы секілді Жартытөбе ауылдық округінде де сіздердің сұраныстарыңызға орай көптеген жұмыстар жасалуда. Жартытөбе ауылында 2 шақырымды құрайтын 2 көшесіне асфальт жабындысы төселді. Бұл бағыттағы жұмыстар Аққолтық елді мекенінде жалғасуда. Орталық 5 көшесінде жүріп жатқан асфальт төсеу жұмыстары жақын күндері аяқталып, ауылдық

округ 100 пайыз асфальтпен толықтай қамтылатын болады. Сондай-ақ осы жылы Бабата елді мекенінде Б.Есжанов көшесі мен Жартытөбе ауылының Иманқұллы көшесіне аяқ жолмен қоса көше жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, халық игілігі үшін іске қосылды. Бабата елді мекенінде «Беккери» шұңқырының құрылысы аяқталды. Жартытөбе елді мекенінің кіші футбол алаңының газоны ауыстырылып, қоршауы 1,5 метр биіктікке көтерілді. Біз мұнымен шектелмейміз. Бұл жұмыстар алдағы жылы басқа да округтерде жалғасатын болады, - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Есептік жиынға аудандық

мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және бөлім, мекеме басшылары мен бірқатар сала мамандары қатысты.

Жиында тұрғындар көкейде жүрген сауалдарын жолдап, алдағы уақытқа бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады. Көтерілген сауалдардың маңыздылығы ескеріліп, қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ тұрғындарды жеке мәселелері бойынша да қабылдады. Жауапты мамандармен айтылған мәселенің шешу жолдарын жан жақты саралап, тиісті тапсырмалар жүктеді.

Жиын соңында тұрғындар атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, ауыл қариялары ақ батасын арнады.

АЛДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫСТАР БАЯНДАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қымкент ауылдық округінде болып, белгілінген кестеге сай тұрғындармен кездесті. Онда ағымдағы жылы аудан көлемінде атқарылар жоспарларымен бөлісіп, ауылдық округте жасалатын жұмыстарды баяндады.

«Мен мұнда белгіленген кестеден тыс уақытта да жиі келіп тұрамын. Ондағы мақсатымыз өзекті мәселелерді талқылап, шешу жолдарын қарастыру. Бұған дейін айтылған ұсыныстарыңыз назарға алынып, орындау үшін тиісті жұмыстар атқарылуда. Сіздердің сұраныстарыңызға орай биылғы жылға облыстық бюджеттен «Жылыбұлақ»

каналына бастапқы қаржысы бөлініп, құрылыс жұмыстары басталғалы отыр. Сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен Қызылкөл елді мекеніндегі Л.Бөкенов, Қ.Төлеухлы, Қымкент ауылында демеушілер есебінен Амангелді және К.Берденұлы көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айының соңына дейін Абай және Ш.Уалиханов көшелерін де қамту үшін тиісті шаралар атқарылуда. Бұдан бөлек Қымкент ауылындағы орталық алаң күрделі жөндеуден өтеді. Бүгінде тиісті қаржысы қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Біз мұнымен тоқтатпаймыз.

Алдағы жылға Қымкент ауылдық округінде атқарар нақты жоспарларымыз бар. Қазіргі таңда жалпы аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы тек халқтың игілігі үшін, - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиында тұрғындар атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алғыстарын жеткізді. Аудан басшысы халықпен кездесудегі басты мақсатымыз алдағы жоспарларды ашық айтып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, соның төңірегінде жұмыс жасалатынын айтты.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті

Жақында «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының ғимаратында аудандық Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Отырысқа Партиялық бақылау комиссиясының 11 мүшесі қатысты. Сонымен бірге аудандық партия филиалының төрағасы Ернар Сағындық және партия филиалы жанындағы фракция мүшелері А.Айтбаев, Р.Отыншиева, Қ.Жамиева және аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақов қатысты. Отырысты комиссия төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы жүргізіп отырды.

Күн тәртібінде: 1. Партиялық бақылау комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес, аудандық Денсаулық сақтау ұйымдарының жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының барысы тура-

лы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Созақ аудандық орталық аурухананың» бас дәрігері Б.Төрехановтың хабарламасы; 2. «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ жүргізіліп отырған жұмыстар бойынша директорының орынбасары С.Шыныбековтың хабарламасы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Түркістан облысының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Созақ аудандық орталық аурухананың» бас дәрігері



Б.Төреханов хабарлама жасап, өз сөзінде денсаулық сақтау мекемелеріндегі қысқы маусымдық дайындық жұмыстарының барысы туралы баяндап өтті. Денсаулық сақтау мекемелерінің қысқы маусымға дайындық жұмыстары бойынша жұмыстардың жүргізіліп

жатқандығын және жұмыстардың жоспарға сай орындалатындығы жөнінде іс-шараларымен таныстырып қосымша қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, комиссия мүшелерін сендірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ жүргізіліп отырған жұмыстар бойынша директорының орынбасары С.Шыныбеков хабарлама жасады. Хабарламада сексеуіл тұқымын жинау және оны егу жұмыстарына тоқталып, жоспар толығымен орындалғандығы жөнінде айтып өтті. Қойылған қосымша сұрақтарға жауап бере келіп мекеменің техникалық жақсы жабдықталғандығын, шаруалармен жайылым және егін саласы бойынша келісімшарттардың жасалғандығын, бюджетке қаржы түсіп отырғандығын баса айтып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша комиссия мүшелері тыңдап қортындылай келе, тиісті қаулы қабылданды.

«Созақ үні»-ақпарат.

КӨМІР ТАПШЫЛЫҒЫ ОРЫН АЛЫП, БАҒА ӨСУІ МҮМКІН

Түркістан облысында жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Дегенмен, тұрғындар мен жылыжай шаруашылықтары көмір сатып алуға асығар емес. Күннің күрт суы мен ауа райының бұзылуын күтпестен, осы кезден бастап қысқа қамдана беру ке-

ра, Келес аудандарының тұрғындары көмір ала алады. Төлеби ауданында 1 қойма орналасқан, көмір қоры қазіргі таңда 12 500 тонна қарап отыр. Созақ ауданында екі қоймада 9 200 тонна көмір бар. Ал Отырар ауданында орналасқан екі қоймаға 26 800 тонна көмір



рек. Өйткені, қыс түскенде, көмір алуға кезек көбейіп, алып-сатар делдалдар бағаны көтеруі мүмкін. Сондықтан мамандар көмір отынын ертерек сатып алып, уақтылы қамдану қажеттігін айтады.

Өңірлік операторлардың ақпаратына сәйкес, қазіргі таңда сақтау қоймаларында 140 мыңға жуық тонна көмір қоры бар. Көмір қоры күннен-күнге толығуда.

Қазіргі таңда Арыс қаласында екі қоймада 19 800 тонна көмір бар болса, Сайрам ауданында орналасқан 1 қоймада – 7 900 тонна, Сарыағаш ауданында 4 қоймада – 49 317 тонна көмір бар. Айта кету керек, Сарыағаш ауданындағы қоймадан Жетісай, Мақтаарал, Шарда-

түскен. Ордабасы ауданында 483 тонна, Түркістан қаласында 14 000 тонна көмір қоры бар.

«Қазақстан Темір Жолы – Жүк тасымалы» Акционерлік қоғамының мәліметі бойынша, биыл облысқа 236 мыңға жуық тонна көмір жеткізілген. Көмір вагондары тұрақты келуде. Коммуналдық-тұрмыстық көмір тасымалдаумен облыста 16 өңірлік оператор айналысады.

Қыс-қыр астында. «Қамданған қапы қалмайды» дегенді естен шығармайық. Қыс маусымына дайындыққа осы бастан кіріскен абзал.

**Түркістан облысының
Өңірлік коммуникациялар қызметі.**



Мектепте өткен семинар-кеңес

Өткен аптада Созақ аудандық сотының ұйымдастырумен «Медиация-азаматтық қоғамның жаңа сатысы» тақырыбында «Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясында» семинар өткізілді.

Іс-шараға Созақ аудандық сотының төрағасы А.С.Дәуренбеков, аудандық прокуратурасының прокуроры А.Борсықбаев, Созақ АПБ бастығының бірінші орынбасары Е.А.Нұрғазиев, Созақ ауылдық округінің әкімі Б.Қ.Аяпов, медиатор Г.Дуйсенбаева, мх-ғалімдер мен оқушылар қатысты.

Семинарды сот төрағасы

А.С.Дәуренбеков ашып, медиация ұғымына тоқталды. Сот төрағасы өз сөзінде медиация – бітімгершіліктің бірегей бастамасы, әр тараптың талабын ескеретін, қателерді тиімді жолмен түзететін бастама екенін айтып, мектептерде «Медиация кабинетін ашу мектептегі оқу-тәрбие процесіне игі ықпалын тигізіп қана қоймай, қоғамды өзара түсіністікте, моральдық-психологиялық ахуалдың жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ететініне тоқталды.

Іс-шарада сөз алған Созақ АПБ-нің бірінші орынбасары Е.А.Нұрғазиев өз кезегінде

кәмелетке толмағандар арасында орын алып жатқан құқық бұзушылықтарға тоқталып, онда жасөспірімдердің түнгі уақыттарда бейберекет жүруі құқық бұзушылыққа әкеп соғатынын түсіндірді.

Сондай-ақ, медиатор Г.Дуйсенбаева «Медиацияның қоғамдағы орны» тақырыбында баяндама жасап, онда медиацияның артықшылықтарымен тиімділігін, маңызыдылығын атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар өз ойларын қорытындылап, пікір алмасты.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Әр үйге қауіпсіз тағам» акциясы

Созақ ауданында жаз мезгілінде ерте піскен жеміс-жидектер, бақша өнімдері мен көкөніс өнімдерінің құрамынан нитрат деңгейін анықтау мақсатында акция өткізіледі. Акция Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы және ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТОО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі, ТОО Кәсіпкерлер палатасы Созақ аудандық фи-

лиалымен бірлескен түрде жүргізіледі.

Аталмыш акция ағымдағы жылдың қыркүйек айының 26-27 күндері С.Қожанов көшесінің бойындағы жайылма сауда қатарында ұйымдастырылмақ. Аудан тұрғындары және әр тұтынушы сатып алған өнімдерін ақысыз тексеруден өткізіп, қауіпсіз тағамға қол жеткізсеңіз болады.

Қосымша сұрақтар бойынша Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жұмыс нөмірлеріне 8-72546-4-20-88, 8-72546-4-15-11 хабарласуға болады.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

Ауыл тұрғындары шын жүректен алғыстарын жеткізді

Қаратаудың баурайында Балдысу және Қарабұлақ деген ауылдар бар. Табиғаты ғажап, ауасы саф, суы да бал осы екі ауылдан Қарабұлақта біздің «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігіміздің белді мүшелерінің бірі Дәулетқали Жүзбаев есімді жігіт ағасы жасайды. Ауылының белсендісі Дәукең мен танығалы бері осы ауылдың мүшкілін түгендеп аудан, ауыл орталығы мен екі арада шапқылайды да жүреді. Биыл да ала жаздай ауылынан жұмыссыз жүрген біраз азамат-азаматшалардың қоғамдық жұмысқа тартылуына себеп болды. Сөйтіп, осы азамат-азаматшалардың басында жүріп, Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты аймақтарда біраз игі істерге де мұрындық болды. Әрине, мұны біреу сөз етсін, мақтасын деп жасамаған Дәукең бұл жайында жазуымды да жөн көрмеді. Дегенмен, «Дәуке сіз мынадай игі істеріңіз өзін қоғам белсендісі санап, әлеужеліде ғана патриот азаматтарға үлгі болсын. Азаматтың патриоттығы оның тілінде ғана емес, жүрегіңде, ауылы үшін атқарған қайырлы істерінде де көрініп тұруы тиіс»- деп, ала жаздай атқарған істеріңіздің фотоларын әрең қол жеткіздім. Ендеше, ел мүддесін ойлаған ердің елеулі істерінен мен емес, фотосуреттер хабар айтсын! Себебі, мен де пендемін (оның үстіне журналист) барды айтамын



деп, көргім келгенді де қосып жіберуім ықтимал ғой!

Сол, Дәулетқали Жүзбаев деген жүз жасағыр ағамыз өткен аптада мені редакцияға іздеп келіпті. Келгендегі жұмысы, Қарабұлақ ауылы тұрғындарының атынан бір топ қариялары аудан әкіміне алғыс білдіріпті дағы, соны газетке және әлеуметтік желілерге жазып беруімді өтінді. Жұмысым емес пе жылы жүзді Жүзбаевтың жүнін жықпайын деп, мәліметін жазып алдым. Дәукеңнің сөзінен ұққаным, ауданымыздың әкімі Мұхит Тұрысбеков

осыдан бір жарым жыл бұрын жаңа қызмет келген соң, барша басқа ауылдар секілді Қарабұлаққа да барып, халқымен кездескен екен. Халықпен амандасып, танысып-біліскен соң, сауалдары мен ұсыныс-пікірлерін тыңдап, жазып алған көрінеді. Сондай-ақ, біраз өтініштерін жүзеге асыруға уәде берген көрінеді. Тек, асықтырмауларын, сабырмен күтулерін сұрапты. Түсінікті де, аудан басшылығына жаңадан кеп жатқан кезі, әлі көп нәрсеге қаныға қоймаса керек. Не керек, Мұхит Сексенбайұлы сол берген

уәделерінің бір елу пайызын жыл өтпей-ақ орындап тастапты. Көшелерін асфальттап, жарықтандырып беріпті. Ендігі жерде, Қарабұлақ ауылынан балалар ойын алаңын салып беру мен таза ауыз су тартып беру қамында көрінеді. Мінеки, алдарына ердей болып келгенде елдік көрсеткен халқы уәдесінде тұрған аудан басшысына бірқатар ауылдың сыйлы қарияларының ауызымен алғыстарын жеткізбек. Сонымен, ауыл ақсақалдары Каналбек Тұрысбеков пен Әуелхант Ташенов және ардақты аналар Есенкүл Ыстыбаева мен Әсем Арыновалар Мұхит Сексенбайұлына ауыл тұрғындарының сөзін жықпағаны үшін барша қарабұлақтықтардың атынан ризашылықтарын білдірді, баталарын берді! Әрине, жоғарыда айтылған соны істерді істеу аудан әкімінің тікелей қызметі, мойнының борышы. Мұны қарабұлақтықтар да жақсы бәледі, алайда, олардың алғыс білдіруіне себеп болған нәрсе аудан басшысының алдарына келген азаматтың әуелі арқы айтып, артынша да семіз шығуы еді! Ендеше, біз де аудан әкімінен алдағы уақыттарда да аудан халқының қызметінде болып, құрметіне бөленіп жүреді деп үміттенеміз!

Данияр БЕК.

Нағыз өз ісінің шебері-

Қасиетті Ысқақ бап мәңгілік мекен еткен Бабата ауылында кіндік қаны тамған Сәруар әкесі Ахметке дүниеге келген күні үлкен қуаныш әкелді. Бұл 1943 жылдың 14 қыркүйегі еді. Тамыз айы аяқталып, күз айының алғашқы күндері басталған тұс. Сұрапыл соғыстың қайнап жатқан уақыты.

Соғыс аяқталған кезде яғни 1950 жылы осы ауылдағы «Еңбек» жеті жылдық мектебінің табалдырығын аттады. Сәруар еңбекке ерте араласты. Аталған білім ұясының 7 сыныбын бітіре салып, әкесіне көмекші шопан болды. Буыны қата қоймаған бозбала жастайынан ата кәсіпті өзіне серік етті. Қиын да жауапкершілігі мол жұмысты игеруге тәуекел жасады.

1961 жылы жеке отар алып, бас шопандыққа өтті. Ұлының бойындағы бұл кәсіпке деген шынайы қызығушылықты байқаған Ахмет оның бетінен қақпақ жоқ. Қайта болар баласының белін буды. Ақыл-кеңесін айтып, батасын берді. Шаруашылық басшылары да жастың өтінішін құптады. Жаздың аптапты ыстығында, қыстың қытымыр аязында жас шопан әбден шыңдалды. Ерен еңбектерінің арқасында абырой биігіне көтерілді. Жас шопанды басшылар партия қатарына өтуге шақырды. 1963 жылы ол партия қатарына қабылданды. Бұдан кейін оның еңбектегі тасы өрге қарай домалады. Бірнеше рет Үкімет наградаларымен марапатталды. Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің алтын медалімен, Қазақ ССР жоғары кеңесінің «Құрмет» грамотасымен, «Еңбек Қызыл ту», «Ленин», «Құрмет белгісі» орденін иеленді. Қазақстан Компартиясы XVI съезіне делегат болып сайланды. Облыстық көеңеске, Созақ аудандық кеңесіне депутат болды. Аудандық партия комитетінің пленум мүшесі атанды. «В.И.Лениннің туылғанына 100 жыл» атты мерейтойлық медалін өңірене қадады. 1975 жылы Жартытөбе кеңшарының 2 фермасында «Еңбек» комсомол-жастар бригадасын құрып, жетекшілік еткен.

Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің «Құрмет» грамотасын, аудандық партия комитетінің мақтау грамотасын, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Ленин» орденін иеленген.

Қазақстан КП XVIII съезіне делегат болып қатысқан. «Оншы бес жылдықтың озаты», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалдарымен марапатталған.

Жоғарыдағы марапаттардың барлығын Сәруар мал шаруашылығында жасаған ерен еңбектерінің арқасында алған. Көз көргендердің айтуынша, Сәруар Ахметов өте еңбекқор жан болған екен. Еңбек ете жүріп бауырлары Сарақұлге, Сырғақұлге, Нағашқұлге, Әнуарға, Ажарға, Рымқұлге қамқор болған. Олардың жоғары оқу орындарын түсіп, оқуына жағдай жасаған. Ағалық қамқорлығын көрсеткен. Ауылдастарына да демеушілік жасап, көмек жасаған. Сырғақұл, Нағашқұл Ажар, Рымқұл педагогикалық оқу орындарын бітірген. Сарақұл Ануарға көмекші болған. Әнуар зоотехник мамандығын оқиды. Сәруар бауырларына қолынан келген қамқорлығын жасап, ешнәрсе аямаған. Олардың алаңсыз білімі алып, мамандық иесі болуларына барлық ағалық ыстық ықыласын арнаған. Қай жерде жүрсе де оларға қамқор қолын созып, бауырларын жетілдірген.

Сәруар Ахметов депутат кезінде талай биік мінберлерден сөз сөйлеп, елдің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық ахуалын назардан тыс қалдырмаған. Көптеген мәселелердің шешілуіне ықпал жасаған.

Ауданның, ауылдық көріктенуіне, ажарына ажар қосуына өз үлесін қосқан. «Таскөмірсайдың» тұсындағы жол бойындағы тал көшеттерін отырғызуға тікелей мұрындық болғанын әлі күнге дейін көз көргендер жыр ғып айтады.

Әуелгіде егілген талдарға су «Водовозбен» тасып құйылған екен. Әрине суы жоқ жерге ағаш отырғызуы оңай шаруа емес. Оны малдың жеп қоймауына, уақтылы суарылып тұруына Сәруар ағамыз көп еңбек сіңірген. Ауылдастары қазіргі кездері ол биік өскен талдарды: «Сәруардың жасыл желектері» дейді. Марқұм осы талдардың көлеңкесінде отырып мал жаямыз ғой деген екен кезінде. Сұм ажал оған жеткізбеді.

Осы мақала жазу басында көз көрген талай әріптестерімен әңгімелесуге тура келді. Бәрі де оның іскерлігін, адамгершілік қасиеттерін мақтанышпен тілге тиек етеді. Шаруа адам екендігін, іскерлігін сөз қылады.

Сонау 1969 жылдың сұрапыл қысында бағымындағы отарды аман алып қалып, ең аз шығын берген шопан атанады. Әрине ол шаруаны озат шопан аса ыждағатты еңбегімен маңдай терін моншақтада жүріп атқарады.

Қалың қар, далада үскірік жел мен аяз мал шаруашылығының майталмандарын сынаққа салды. Сол кезде Сәруар өзінің тәжірибесін оңтайлы пайдаланып, кеңшардың мал мамандарымен ақылдасып-кеңесіп іс жасады. Нәтижесінде қоғамдық мал-



даққын да Сәруар еңбегінің арқасында республикаға мәшһүр етті. Сол кездегі еңбек майталмандарының арасында бұл ағамыздың шоқтығы биік еді. Аудандық «Молшылық үшін» газетінің бетінен суреті түспейтін. Ол кісі жайлы сол уақытта көптеген мақалалар газет бетінен түспейтін тұғын. Тіпті республикалық, облыстық басылымдар ол жайында көлемді дүниелер жариялап жатты.

адамгершілігі мол азамат болатын.

Жыл сайын Жартытөбе кеңшарынан төл алудан озат аталатын. Тағы бір керемет қасиеті. Ол өте еңбекқор-тын. Отарынан ешқандай шығын бермей бағып, қозыларды да өсіріп, күзде олары жоғары салмақ тартатын. Жүн, елтірі, ет өткізуден де үнемі алда жүретін. Облысқа жиналысқа барғанда Әнуар басшылардың алдында жасқанбай сөйлеп, ауыл-ел тіршілігі жайлы құнды пікірлер айтатын. Ауылды көркейту, экономиканы көтеру туралы ұсыныстарын үлкен мінберден сөз ететін. Сол кездегі шопандар тойында Сәруар інім жүлдені өзге әріптестеріне бермейтін. Үнемі алда жүретін еді. Шопандар тойында ауданның бас жүлдесін талай қанжығасына байлады. Оның өз саласының білгір иесі екендігін бүкіл ел білетін.

Әлі есімде 1969 жылдың қысында ол отарындағы қойлардан көп шығын бермеді. Қыстаудағы шопандардың көбі сол қыста таяқ ұстап шықты ғой. Ал, Сәруар қоғадық малды аман сақтап қалды. Ол бір алапат қыс болатын. Қар қалың, күн қатты суық болды. Қойларға шөпті самолетпен тасыған уақыт болды. Қойларда ұшақтың дауысын естісе, сол жаққа қарап маңырайтын. Шөпті қар басып қалған. Тек қолмен азықтандырып, қойларды аман алып қалдық. Қатынас та қиындады. Қар қалың. Сыртта үскірік жел мен аяз. Міне осындай табиғат мінез танықтан кезде адамдардың шыдамдылығы, іскерлігі керек-ақ еді. Сәруар інім сол кезде ерлікпен пара-



ды шығыннан аман алып қалып, өзге әріптестеріне үлгі көрсетті.

Шопандық кәсіпті тым ерте бастаған С.Ахметов мал бағудың нағыз шебері еді. Кезінде республикадан, облыстан кісі келсе, оларды озат шопанның отарын көрсетуге алып баратын. Талай басшылар оның тындырымды ісін көріп, таңдай қаққан. Дастарханынан дәм татып, шопандық кәсібі жайлы кеңінен отырып сырласқан.

Сәруардың жаз жайлауы Көсегенің көк жонындағы көрікті жер болатын. Бие байлап, саба-саба қымыз дайындап, қонақтарға ұсынып жататын. Бойындағы табиғи, таза еңбекқорлық оны биік белестерге шығарды. Елдің құрметіне беледі. Алыстан ат терлетіп келіп талай әріптестері оның іс-тәжірибесін үйренді. Атағы облысқа ғана емес республикаға танылды. Жартытөбе кеңшарының

Сәруар ағамыздың қонақжайлылығы, кішіпейілділігі ерекше болатын. Ол жайында құмкенттік аға шопан Сайлаубек Теңізбаев былайша естелік айтып еді: «Біздер қыс қыстауда, жаз жайлауда Сәруар ініммен қоныстас болып отырдық. Менен төрт жастай кішілігі бар. Сондықтан мені аға деп сыйлайтын. Әрі шешем қожаның қызы болған соң мені «жиен аға» дейтін. Қысқы қыстауға барғанда да жазғы жайлауда да мені үйіне шақырып, ерулік береді. Келіншегі Ақжарқын да атына заты сай келін ғой. Дастархандары әркезде жаюлы болатын. Менің кемпіріммен Ақжарқын сырлас еді. Сол кезде мен Құмкент кеңшарының маңдай алды шопанымын. Талай жиындарда бірге болдық. Екеуміз де облыстық, аудандық кеңеске депутат болып сайландық. Сәруар жас болса да елжанды, айтқан уәдесінде тұратын, өте қарапайым, ізетті,

пар шаруа жасап, қойлардың шығынына жол бермеді.

Ол қай кезде болмасын әріптестеріне үлгі-өнеге көрсетіп, жақсы істердің тиімді пайдаланатын. Қыстаудағы жайылымды рет-ретімен екі бөлікке бөліп қоятын. Барған бетте біраз жерге қойды жайып алатын да, біраз жерді көктемгі малдың іші ауырлаған кезде жайып, бағатын. Сонда әлгі жерге жайылған отары қоңды болатын.

Қысты күндері Сәруарлар көшіп барған тұсқа біздің кеңшардың да шопандары барып үйін қондыратын.

Еңбек майталманы еді

Содан қыс бойына біздер олардың үйімен көрші боламыз. Онымен өрісте жүріп жолығып қаламыз. Өзі әңгімешіл азамат-тын. Қарапайым еңбек адамына тән мінезі бар еді онда. Бойына еңбекқорлық анасының сүтімен дарыған-тын. Көбінесе шопандық кәсіптің қыры мен сыры туралы сыр тарқататын. Сосын облыстық, аудандық жиналыстарға баратын кезде қандай мәселені қозғау керек екендігін алдын ала өзі оңашада пісіріп алып, содан кейін оны әбден пысықтап алып барып қана үлкен мінбелерге алып шығатын.

Жылдың күздің соңына таман шопандар қауымы міндеттеме қабылдайтын. Әнуар сол алға қойған үлкен мақсаттардан үнемі шығатын. Барлық мүмкіндігін тек еңбекке жұмсайтын. Әрбір социалистік жарыстың ол жеңімпазы болып танылатын. Бұл сол кезеңдердегі еңбек адамына деген құрмет пен қошемет көп көрсетілетін. Ә.Ахметовтен көптеген жастар үлгі алатын. Оның іс-тәжірибесін барлығы да үйренуге құштар-тын. Ол ізінен өрген жастарға үйретуден жалықпайтын»-деп байырғы шопан Сәууар туралы біраз сыр тарқатты.

Иә, аз ғана өмір сүрсе де ізінен жақсы әңгіме қалған нағыз еңбек майталманы жоғары кеңеске депутат болып, талай елдік мәселелерді билікке жеткізіп, белсенді қайраткерлік дәрежеге көтерілген тұлға.

Мезгілсіз келген ажал оны тым ерте ортамыздан алып кетті. 1976 жылы көлік апатынан 33 жасында қаза болды. Әлі де асар асулары алда



еді. Бірақ оған жеткізбеді.

Сәууар ағамыз аз ғана өмір сүрсе де ізінен өнегелі іс, алтын асықтай ұл-қыздарын қалдырып кетті. Галымжаны кәсіпкер, Түркістан қаласында тұрады. Саттары Қазатом-промда жұмыс істейді. Мамандығы механик. Бауыржаны Алматы қаласында құрылыста қызмет жасайды. Жанболаты ішкі істер саласында қызмет етеді, шені майор. Орынбасары қарашаңырақта отыр. Кәсіпкер. Сәууар ағамыздың өмірлік жары Ақжарқын осы кенже баланың қолында. 16 немере, 8 шөбере сүйіп, қызығына бөленуде. Бабата ауылында тұрады.

Айта кетуіміз ерек Сәууар кезінде Күнімкүл мен Төреқыз аналарының аялы алақанында өскен. Гүлнар есімді қызы Ақмешітте (Бұрынғы Красный нивада) тұрады. Үйлі-баранды. Сарақұл апамыз ол кісінің қарындасы өте жақсы адам еді. Көктөбе елді мекенінде қызмет істеген кезімде мені өзіне жақын тартып, бауыр еткен еді. Барған жерінде барлық баланы бауырына басып, Кеңесбек жездеміздің жағасын кірлетпей, ағайын-туыстарымен етене араласып, ғұмыр кешті. Анасынан ерте айырылған балаларға туған шешедей болды. Олардың да Сарақұл апа десе жаны қалмайтын.

Барлығы да «мамалап» төңірегінен шықпайтын. Жүрегі таза, пейілі ақ Сарақұл апамды бүкіл ауыл жақсы көретін. «Өзі жақсы адамға, екі кісілік орын бар» деген сөз бекер айтылмаған ғой. Сол жетім балаларды жетілдіріп, Сарақұл апа үйлі-жайлы етті. Өкініштісі ел анасы болған кісі ауырып, дүниеден өтті. Сол кезде балалардың егіліп жылағанын көрсеңіз жүрегіңіз елжірейді. Сондай тәлімді, тәрбиелі шаңырақта өскен Ахметтің ұл-қыздары елге танымал азаматтар. Мақаламызға арқау болып отырған ағамыз Сәууар бүкіл Қазақстанға танымал азамат еді. Кезінде шұбартаулықтардың бастамасымен комсомол-жастар бригадасын да құрып, республикаға танылды. Қазіргі таңда ауданда сол бригадада еңбек еткен кісілер сирек те болса кездеседі. Барлығы да Сәууар жайында жылы пікір айтып, нағыз майталман еді деп сағынышпен еске алады. Бабата ауылындағы М.Мәметова атындағы жалпы орта мектепте бір сынып Сәууар Ахметовтің есімімен аталып, кабинет берілген.

Ахметов Сәууар ағамыз көзі тірі болғанда 80 жасқа келіп ортамызда отырар еді. Десе де «Орында бар оңалар» демеші ізінде қалған бауырлары, бала-шағасы, өмірлік жары, ауылдастары оның жарқын бейнесін ешуақытта ұмытпайды.

2023 жылдың 1 қазан күні Бабата ауылындағы Ысқақ баб кесенесінде сағат 12-00-де ол кісінің рухына бағыштап құран оқытады. Ниет қабыл болсын!

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Ой-толғау

Жақсы сөз жанды жадыратады

Қамшының сабындай мына қысқа ғұмырда адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласы, жылы ілтипатына еш нәрсе жетпейді. Пенде болған соң күнделікті өмірде өкпелесіп, ренжісіп жатамыз. Түкке тұрмайтын нәрсеге бола сөзге келісіп қаламыз. Осының бәрі бекер екенін кейін түсінеміз. Сосын өкінеміз. Неге олай жасадым екен деп ойланамыз.

Адам жасының ұзақ болуы, денсаулығының мықты болуы көңіл қошына байланысты ғой деп ойлаймын. Егер де біз-бірімізден жылы сөзімізді аямай, үнемі назар аударып, жақындарымыздың, көршілеріміздің жағдайын біліп отырсақ артық етпес еді. Сонда адамның өмір жасы да ұзақ болар ма еді. Бұрындары елдің бір-біріне деген ықыласы мен мейірімділігі ерекше болатын. Әсіресе ауылдық жерлерде көршілердің бірлігіне, ынтымағына тәнті болатынбыз. Қандай бір қызықшылық, жиын болмасын барлығы қоғадай жапырылып сол үйге қызмет жасап, қуанышына ортақтасып жүретін. Қазір ше? Ондай тұрмақ тас қамалдан шарбақ соғып алып, көршілер бір-біріне кіруден қалды. Дәл үйінің қасында тұрып көршінің үйінде не болып жатқанын білмейсің. Әрине пенде болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Сол кездері тіптен қиын-ақ.



Көршінің жағдайын біліп, көңілін сұрайын десең тас қамалдан, әрмен қарай өту қиынның қиыны. Баяғыда тас қамал жоқ шарбақтар сым темірмен қоршалатын. Көршілер бір-біріне күнде көріп, үйлеріне кіріп жағдайларын сұрасатын. Сәті келсе, қою күрең шайды бөліп ішіп, әңгіме-дүкен құрып отыратын. Осындай сұхбаттарда бала тәрбиесі, адамгершілік, инабаттылық, кішіпейілділік мәселелері тілге тиек етілетін. Жақсы кісілердің өнегелі істері алға тартылатын. Гибратты жүздесу болатын.

Бала кезімізде үлкен кісілердің бас қосуларына жиі барып, айтқан сөздерін құлақ құрышы қанғанша

тыңдайтынбыз. Көрші балалар май шаммен отырып белгілі қаламгерлердің кітаптарын таң атқанша оқитынбыз. Ойын балалары кейде оқыған кітаптарымызды талдап, талқылайтынбыз. Сол шығармалардағы кейіпкерлерге ұқсағанымыз келіп тұратын. Әсіресе, жайлауда киіз үйдің іргесін түріп тастап, жан-жағына су сеуіп қойып, кітап оқып жатқан күндер керемет екен ғой.

Қазіргі балалар ұялы телефоннан көзін алмай соған телміріп қарап отырғанын көріп қарының ашады. Денсаулығына орасан зор зиян екенін айтсаң да соған телміргенін қоймайды. Ой-өрісін тежейтіндігін қаперіне де ілмейді. Уақыт өте көз

жанарына да зиянын тигізетінін ескертіп айтқанменен оған мән бермейді. Рухани азық аларлық газет-журнал, кітап оқыса пайдалырақ болар еді-ау. Жастайынан бойларына сіңген қасиет ізгілікті істерге бастайтынын түсінбегені жаныңа қаяу түсіріп, қамықтырады. Лажсыз ренжисің.

Бала кезімізде қозы-лақ бағып көлге балық аулауға баратынбыз. Кең далада жүріп, тау сағыз тергеніміз әлі есімізде. Сондағы сағыздың дәмі таңдайымыздан кетпейді. Балалық шақтың қызықтары таусылған ба? Балық аулауға барғанда қалтқының қозғалғанын бақылап отыру-қандай қызық, ғажап дүние. Өткен кет-

кенді ойлап, дүниені қиялмен шарлап, керемет күйге бөленесің. Балық аулау демалыстың ғажабы.

Қазіргі балалар бесіктен белі шықпай жатып ұялы телефонға телміреді. Миымызға тыныштық берсін деп ата-анасы кішкентайларына телефон беріп қоюды әдетке айналдырып алған. Бұл да ойын ойнауға, пайдалы іспен айналысуға тәрбиелесе жөн болар еді. Соны қолға алған дұрыс. Бір жылында жасы тоқсанға келіп қалған ағамыздың көпшілікке айтқан ұлағатты әңгімесін естіп, батасын тындап, жүрегімізге шаттық нұры құйылды. Қариялардан күтетініміз гибратты іс, өнегелі тәрбие ғой. Әлгі көнекөз ақсақал сәл ғана игі тілегімен отырғандарды баурап алды.

Қарап отырсаңыз жақсы сөз жанға жылылық нұрын құяды. Көңілімізді өсіреді. Қиялыңызды қанаттандырады.

Сондықтан мүмкіндігі келгенше бір-бірімізден жылы сөзімізді аямай, төңірегіміздегілерге үнемі қамқор болып жүрсек, сыйластықпен, түсіністікпен ғұмыр кешсек ешкімнің де назары пәс, көңілдерінде қаяу болмайтыны анық. Жылы сөзді көп айтып, маңайындағыларымыздың мерейін өсіріп, ұзақ жасауға сеп болар еді-ау.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Медиация-азаматтық қоғамның жаңа сатысы

«Медиация туралы» заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Заңға сәйкес, медиаторлардың негізгі мақсаты—екі тарапқа мәселені өздері шешуге мүмкіндік беріп, бағыттау. Елімізде медиаторлар көмегі әлеуметтік салаларда, әсіресе отбасы мәселелерінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар несие сияқты коммерциялық проблемалар да медиаторлардың көмегімен шешіліп жатыр.

Оқушылар арасында құқықбұзушылық пен әлімжеттілік кеңінен тамыр жайған күрделі мәселе. Өзектілігі өшпеген мәселелерге тоқтау салу мақсатында «Мектеп медиациясы» қолға алынып, қолдауға ие болып келеді. Медиация — бүгінгі күннің маңызды трендіне айналған. Медиатор — тәрбиеге мән беретін тәуелсіз тұлға. Медиацияға қатысушы тараптар медиатордың тәжірибесіне, білімі мен іскерлігіне жүгіне отырып, оңтайлы шешім таба алады. Барлық ынталы тараптармен ынтымақтаса әрекет етіп жүрген заманауи білім ошақтары білім беріп қана қоймай, тұлға ретінде тәрбиелеп шығаруы парыз.

Кәсіби медиаторлар ата-аналарға, мектеп психологтары мен тәрбие ісінің мамандарына даулар мен кикілжіңдердің алдын алуда өз септігін тигізуде. Мектеп тәрбиесіндегі қисыны қиын мәселелердің шешілуіне тың бастама мен жаңа бір серпін алып келді. Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғап, дауды сотқа жеткізбеу үшін қолға алынған бастама.

Құқық бұзышылықтың деңгейін төмендету, оны сотқа жеткізбей реттеу, сотта бітімгершілікті қолдану үшін мектепте тәрбие жұмыстарын жан-жақты жетілдіру медиация мамандарының жұмысы. Мектеп медиаторлары шәкірт пен ұстаз арасында мәселе туындаса және ата-аналармен түсінбеушіліктер болып жатса тауластыру жұмысын жүргізеді.

Медиация — бітімгершіліктің бірегей бастамасы. Әр тараптың талабын ескеретін, қателерді тиімді жолмен түзетін бастама. «Медиация кабинетін ашу мектептегі оқу-тәрбие процесіне игі ықпалын тигізіп қоймай, қоғамды өзара түсіністікте, моральдық-психологиялық ахуалды жоғары деңгейде болуын қам-

тамасыз етеді

— Медиация орталығының маңызы, мақсаты қандай?

— Шын мәнінде, медиация — бұл «Не істеу керек?», басты мәселе «Кім кінәлі?» деген сауалдарға жауап алу. Медиацияның дауларды шешудің басқа тәсілдерінен негізгі айырмашылығы ол тараптардың әрқайсысын ұйымдастыратын және олар үшін бірдей тиімді болатын жанжалдың шешімін табуға көмектеседі. Бұл ең алдымен қақтығыстарды реттеу технологиясының, процедураны өткізу қағидалары мен ережелерін сақтау есебінен шешіледі. Медиатор осы дауда тәуелсіз және бейтарап адам болып қана қоймай, арнайы білімі бар, қажетті дайындықтан өткен маман саналады. Медиатордың міндеті — екі тараптың мүдделеріне жауап беретін өзара қолайлы шешім жасауға көмектесу. Бітімгершіліктің басты мақсаты — қылмыс жасаушыларды бас бостандығынан айыру жазаларымен жазалауға жеткізбей, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтап қалуға тырысу. Бітімгершілік үрдісі сот сияқты ашық емес, құпия сипатта жүргізіледі. Сот отырысы тараптардың бірінің еркінен тыс өткізілуі мүмкін, ал бітімгершілік тек ерікті түрде басталады. Ал медиация тараптардың ортақ шешімі болғандықтан, борышкердің шынайы материалдық жағдайын ескере отырып жасалғандықтан, борышкер өз міндетін уақытында және толық орындауға тиіс болады. Медиаторлар екі жақтың талаптарын ескере отырып қызмет көрсетеді.

Сондай-ақ, 2022 жылғы 4 наурызда аудандық сотпен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушысына қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-1-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық ісі қаралған, сот қаулысымен тараптардың медиациямен татуласына байланысты, іс өндірістен тоқтатылған.

Ж.ТОҚПАҢБЕТОВА,
Созақ аудандық соты әкімшісінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы»

Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса

керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ғ.МҰСАБЕКОВ,
Созақ ауданының статистика басқармасының бас маманы.

БЖЗҚ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 15 млн қызмет көрсетті

Жинақтаушы зейнетақыны қалыптастыру мен жоспарлауға дербестендірілген көзқарасы бар жоғары технологиялық қаржы институты бола отырып, БЖЗҚ өз салымшылары мен алушыларына өздеріне ыңғайлы форматта қызмет алуға мүмкіндік береді. Электрондық қызметтер басымдыққа ие. Ағымдағы жылдың 7 айында 10 млн астам опера-

ция (68,9%) электрондық форматта жүргізілді.

БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылының арқасында қызметтердің бір бөлігі автоматты режимде көрсетіледі. Операциялардың шамамен 23% (немесе 3,4 млн) жыл басынан бері осындай форматта іске асырылды. Өткен 7 ай ішінде алғашқы зейнетақы жарнасы түскен кезде автоматты түрде 191,3 мыңнан астам жеке зейнетақы шоты ашылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қазақстан халқы тілдері күні 5 қыркүйекте атап өтілетін мемлекеттік мереке. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы — тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Бұл күні барша қазақстандық қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тілдер мерекесін тойлайды. Аталған күн ауданымыздың білім беру мекеме-

ге жеткен жетекші педагогтар, ауданымыздың шығармашылық топ мүшелері, атап айтар болсақ Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп/лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Жарқынбек Бекпенбетов, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Гүлшат Рыстыбаева, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Әсел Алишева,

Тіл-ұлттық құжатымыз, тіл-кісілік келбетіміз

лерінде айналып өткен жоқ. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай аудан мектептерінде 5-15 қыркүйек күндері аралығында декада өткізілді. Онкүндіктің барысында «Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы» тақырыбында мектеп кітапханаларында, мектеп фойелерінде тақырыптық арнайы бұрыштар жасалды. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» тақырыбында кітап көрмелері бейнероликтердің трансляциясымен жалғасты. Іс-шаралар тек оқушы жұмысымен ғана шектелмей, сонымен қатар мектеп ұстаздары, тіл мамандары- қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырылып, эссе жазу, әлеуметтік желіде көркем сөз оқу челленджеріде мектеп аралық деңгейде орын ала білді. «Шәкәрім баба өсиеті» тақырыбында жас мамандар арасында мектепшілік ақындар байқаулар өткізілді. Байқау барысында Ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгердің еңбектеріне жан бітіріп, педагогтар өз білімдерін жетілдіре түсті. 14 қыркүйек күні декада аясында Ә. Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектептің базасында аудан мектептерінің тіл мамандарының қатысуымен «Үздіктен үйрен» деңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскерлері Бекенова Зауре және Сүттібаева Меруерттің жетекшілігімен өткен оқу жылында үздік нәтиже-

Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп/лицейінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Зауре Жанмолдаева, Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Айгүл Ибраимова, А.Байтұрсынұлов атындағы жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Айгерім Абдикаликова, «Созақ» мектеп/гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі Ақнұр Арыстанбекова, және жас маман Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп/лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Сымбат Рәзімхан өз тәжірибелерімен бөлісті. Жетекші педагогтарымыз қысқа мерзімді жоспарлардың құрылымымен таныстырып, эссе жазудың ұтымды тәсілдерімен бөлісті. Сонымен қатар сабақты тиімді ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерімен таныстыра келе, әдістеменің жетілдіруге бағытталған инновациялық стратегияларын шебер-сыныптарда көрсете білді. Жиын соңында дөңгелек үстел қатысушылары өз пікірлерін айтып, құнды ойларымен бөлісті.

Сөз соңында айтар болсақ, аудан шәкірттеріміздің санасында Тіл-ұлттық құжатымыз, тіл-кісілік келбетіміз. Тәуелсіздікті айрандай ұйытып отырған — мемлекеттік тіл, саяси тұрақтылықтың да негізгі кілті—тілде жатқандығын және мәртебелі тілді ұлықтаған жиындардың мақсаты бір: Мемлекеттік тілдің негізгі фактор екенін ұғындыру.

Зауре БӨКЕНОВА,
Меруерт СҮТТІБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскерлері.

Ана тілі-еркіндігің, теңдігің

Тіл дегеніміз — ұлттық болмыс пен психология аясындағы ең сезімтал әрі нәзік сала. Қазақ тілі қазақ халқының жан сезімін және рухани байлығын ғасырдан-ғасырға жалғастырып келе жатыр. Мемлекеттік тіл тағдыры қазақ ұлтының да тағдыры екені баршаға аян. Тіл мемлекеттің табан тірейтін тұғырлы темірқазығы. Тіл ұлттың тірегі. Тіл — өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың «Ұлт болғың келсе, бесігіңді түзе» деуі тегін айта салған сөз емес. Тіл—тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл оймен парасат парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі-бәрі

көрініп тұр. Қазақтың болашағы — қазақ тілінде. Ана тілі- бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы.

Тілдерді дамыту—еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Мемлекеттік тіл саясаты дұрыс бағытта жүргізіліп келе жатқанын баса айтуға тиіспіз. Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры-ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына толғанатын біздің тіл жанашырларының тіл мәселесіне ерекше назар аударып отырғанымыз анық. «Тіл туралы» Заң қабылданып белгілі дәрежеде жүзеге асырылып жатқанда, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, бұл жайында Конституцияға арнайы бап енгізіліп отырғанда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңыздылығы орасаң зор екендігі белгілі. Олай болса, еліміз көркем берсін, тіліміз өз беделін жоғалтпасын.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

2023 жылғы қаңтар-тамызға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

| | 2023 жылғы қаңтар-тамыз | 2023 жылғы қаңтар-тамыз, 2022 жылғы қаңтар-тамызға, %-бен |
|---|-------------------------|---|
| Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾ | | |
| Халық саны, адам (2023 жылғы 1 тамызға) | 63 259 | 100,7 |
| Туылғандар, адам | 884 | 94,5 |
| Өлгендер, адам | 194 | 118,3 |
| Иммигранттар саны, мың адам (келгендер) | 881 | 126,3 |
| Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер) | 1 368 | 104,6 |
| Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу | | |
| Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2023 жылдың II тоқсаны | 18 466 | 102,7 |
| Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2023 жылдың II тоқсаны | 437 468 | 113,5 |
| Ұлттық экономика | | |
| Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге | 57 830,1 ²⁾ | 189,2 |
| Сауда | | |
| Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге | 3 169 610 | 102,5 |
| Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге | 373 061 | 100,0 |
| Экономиканың нақты секторы | | |
| Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге | 358 414 203 | 98,0 |
| Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге | 12 260,5 | 101,0 |
| Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге | 9 919,3 | 152,1 |
| Іске қосылған тұрғын үйлер, м ² | 16 684 | 100,1 |
| Қаржы жүйесі²⁾ | | |
| Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге | 333 056,1 | 111,8 |
| Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге | 305 670,2 | 128,7 |
| Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге | 117 914,2 | 105,0 |

¹⁾ 2023 жылғы қаңтар-тамыздағы деректер
²⁾ 2023 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

**КӘСПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ
1 ҚЫРКҮЙЕККЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР**

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

| | 2023 жылғы I қыркүйектегі |
|---|---------------------------|
| Барлығы | 489 |
| Мемлекеттік | 104 |
| жеке | 385 |
| Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз) | 1 |
| Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз) | 9 |
| шетелдік | - |

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 қыркүйекке 5 118 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 қыркүйекке шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

| Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы | оның ішінде | | | | | | |
|--|-----------------------------------|--------------------|--------------------------------|--------------------|----------------------------------|--------------------|-------|
| | ШОК заңды тұлғалары ¹⁾ | | дара кәсіпкерлер ²⁾ | | Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары | | |
| 2023 ¹⁾ | 2022 | 2023 ¹⁾ | 2022 | 2023 ¹⁾ | 2022 | 2023 ¹⁾ | 2022 |
| 5 118 | 3 865 | 295 | 283 | 3 567 | 2 439 | 1 256 | 1 143 |

¹⁾ Жедел деректер.
²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Асқа шақыру

Ауыл-аймаққа, туған-туысқа қадірлі, көпшіл, меймандос, кішіпейіл жан **Оңайкүл Ақмаханқызының** дүниеден озғанына жылдың жүзі болып қалды. Отбасына, жарына қадірлі еді. Мінезі жібектей, өнегелі, фибраты мол анамыз жаны жаздай кісі болатын. Амал не? Сұм ажал оны өткен жылы қараша айында ортамыздан алып кетті.

Жан едіңіз қамқор болған ұл-қызға, Теңеуші едік өзіңізді жарығы мол жұлдызға.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан, Өзіңізді ерттеректеу о дүниеге бұрғызды-ә. Ұмытпаймыз сіздің нұрлы бейнеңді, Жан едіңіз жасыңыздан көргенді. Рухыңа бағыштаймыз құранды, Ас береміз біздер жиып елге енді,-дей келіп, Жуантөбе ауылында 30 қыркүйек күні қонақасын, 1-қазан күні жылдық асын өткізетіндігімізді ағайын-туыс, құда-жекежат, ауылдастардың есіне салып, құран ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: өмірлік жары Тұрсынбай, ұл-қыздары, немере-шөберелері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мангышлак-Мунай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 01 қараша сағат 14:00 де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайында «2025-2034 жылдарға арналған «Мангышлақ-Мунай» ЖШС жол бойындағы газ кен орнының көздерінен ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары эмиссияларының нормативтерінің жобасы, 2025-2034 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы, 2025-2034 жылдарға арналған қоршаған ортаға күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің жобасы, 2025-2034 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2025-2034 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» 01.01.2023-жыл жағдайына жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>. Танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен жай бойынша алуға болады: aliya_pt@mail.ru және телефон 8(7132)90 55 66. Жоба тапсырушы «Мангышлақ-Мунай» ЖШС, БСН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С. Жобаны әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971, телефон +77014114375—Баудиярова Г.К.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мангышлак-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 01 ноября 2023 года, в 14:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, Дом Культуры состоятся общественные слушания по проекту «Проект нормативов эмиссий допустимых выбросов загрязняющих веществ от источников газового месторождения Придорожное ТОО «Мангышлак-Мунай» на 2025-2034 г.г., Программа управления отходами на 2025-2034 г.г., проект нормативов размещения серы в окружающей среде в открытом виде на 2025-2034 г.г., Программа производственного экологического контроля на 2025-2034 г.г., План мероприятий по охране окружающей среды на 2025-2034 г.г.»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, а так же на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а так же на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: aliya_pt@mail.ru по телефону 8(7132)90 55 66. Инициатор, намеряемый деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлак-Мунай». БИН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С. Разработчик проекта: ТОО «Алия и Ко», БИН 070540000971, телефон +77014114375—Баудиярова Г.К.

Жемқорлықтың алдын алайық!

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа байланысты орын алатын құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңы (бұдан әрі—Заң) қабылданғаны баршаға мәлім.

Заңының 22-бабына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз қызыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, демократиялық мемлекеттің саяси-қоғамдық атқарылатын іс-шараларына кері әсерін тигізеді.

Заң талаптарына сәйкес, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою бойынша барлығымыз бірлесіп жұмыстар жүргізу қажет.

**Бағлан НҰРЛАНҰЛЫ,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Кадр қызметі және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маман-заңгері.**

Пейіште нұрларыңыз шалқысын!

Біз анамызбен, әкемізді қатты сағындық. Қазір әкеміздің өмірден өткеніне 10 жылдың жүзі болса, анашымның жарық дүниеден қоштасқанына жыл толып отыр. Қос бәйтерегіміздің жарқын бейнелерін тек жадымызда ғана сақтап жүрміз. Бүгінде тек қабырғадағы суреттеріне қарап сүйсініп қана үнісіз сөйлесе аламыз...

Амал нешік, бұлда жаратушының жазғаны болар! Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. Кеше ғана бала болып өркеліп, қасында күліп — ойнап, жарқылдап жүргеніміздің барлығы да бүгін елеске айналып отыр.

Менің-анам Ұлтуар Мұстафақызы тігінші болды. 25 жыл бойы аудандағы тігін үйінде үзіліссіз жұмыс істеді. Әкем Сәрсенбек Қаламбаев совхозда есепші болып еңбек етті, шаруашылықпен айналысып, төрт түлік өсірумен шұғылданды.

Қысы-жазы, күні-түні еңбек еткен анам мен әкем өңірдің дамуына сүбелі үлестерін қосты. Әрине, бұл бүгін тек айтуға ғана оңай. Ал, шын мәнінде қаншама қажырлы еңбек, ұйқысыз түндерді бастан өткерді.

Әкем мен анам өмірге 4 қыз, 2 ұл алып келді. Барлығын оқытып, жоғары білім берді. Қазіргі таңда ұрпақтары бір-бір әулеттің бетке тұтар азаматтары болды. Қыздары да тұрмыс құрып, әрқайсысы бір отбасының шаңырағын биікке көтеріп отыр. Әрине, бұл анамызбен, әкеміздің бізге берген тағылымды тәрбиесінің нәтижесі деп білеміз.

Рахмет Сізге — анашым. Рахмет сізге — әке-тай.

Сіздерді қимағанымызбен — Амал нешік, мәңгілік өмірге бет алдыңыздар! Жатқан жерлеріңіз жайлы да жарық болсын! Пейіште нұрларыңыз шалқысын, Бақұл болыңыздар!

Құрметті жамағат!

23-ші қыркүйек күні қонақасы, ал 24-ші қыркүйек күні марқұм анамыз Ұлтуар Мұстафақызының жылдық асы беріледі.

Өтетін орны: Созақ ауданы, Созақ ауылы, Берғазиев көшесі №13.

**Асқа шақырушылар:
Қаламбаевтар отбасы.**



генмен, бір құмалақ бір қарын майды шірітеді деген тіркесті тілге тиек етпеске болмас. Жаман қылық, жоқшылық әрқашанда ең бірінші кезге түседі ғой. Күнделікті көріп жүрген әлеуметтік желілерде кеңінен жайылып, тарап жатқан жастарымыз туралы жаңалықтар жаға ұстатарлық. Ащы болса да шындық: тонау, қылмыс, зорлау, бір-бірін аямау, дүние үшін өлтіріп, мазақ болу бүгінгі жастар бейнесі болып тұр дәлірек айтсақ, аға-әпкелеріміз және біз!

Бұрынғы соғыс жылдар болсын, тәуелсіздік жылдары болсын, отаншыл, рухты жастардың баршылық болғанын естіп, оқып өстік. Ол кездері соғыс болып жатса қыз демей, ұл демей отан үшін жанын қида ететін өз еркімен күресетін алып жүрек иелері жетерлік еді. Ал қазіргі таңда соғыс тұрмақ әскерге шақырту келсе төбе шаштары тік тұрып, ер азамат атаулылары басын бүркеп ала қашады. Немесе әскерге барып келгендерінің езінен аса бір өзгеріс байқамайсың. Бала болып кеткен-

Бүгінгі жастар ертеңгі күніміздің келбеті

Ұлы даламыздың оңтүстігі мен солтүстігі, шығыс мен батысы түрлі елдермен астасып жатқан ұлан-ғайыр еліміз не көрмеді десеңші?! Заман ағымымен қанды шайқасты да, өзге елдің бодандығын да, қанды қол сатқындықты да, сұрапыл соғысты да одан қалсын бірін-бірі жеуге дейін барған ашаршылықты да бәрін-бәрін көрді. Кейінгі ұрпағына мұра болып қалсын деп тарихын мәңгі өшпестей етіп тасқа қашап жазды! Ұлы тәуелсіздіктен кейін ата-бабамыз қуанышты көз-жастарын ақ орамалмен сүртіп, жеңіс туын ашық аспан астына желбіретті. Сондағысы кейінгі ұрпағының бейбіт аспан астында тәуелсіз өмір сүргенін қалады. Бүгінгі біздің күпірлік етіп жүрген күніміз кешегі ата-бабамыздың арманы болғанын есте естен шығармағанымыз жөн. Ал біз осыған лайықпызба? «Көк бөрінің ұрпағымыз» деп кеуде қаққанда дес бермеспіз, «дайын асқа тік қасық» болғандай топ ете төбеден түскендей, кешегі күнгі қиындықтарды ертегі көреміз. «Ел боламын десең бесіңді түзе» демекші ертеңгі күніміз бүгінгі жастарымыздың қолында. Ал олардың бүгінгі тәрбиелерінің сиқы қандай? Біздің болашағымыз деп жүрген жастарымызға тәуелсіздігіміз бен тарихымызды сеніп тапсыра аламыз ба? Әл-Фараби бабамыз: «Кез-келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс-тіршілігіне қара» деген екен. Ендеше Қазақстан жастарының әлеуметтік бет-бейнесі қандай? Қазіргі жаһандану жағдайында түрлі әлемдік мәдени жағдайлар Қазақстан жастарына қалай әсер етіп жатыр? Осы мәселелер бойынша ой толғап көрейін. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға, яғни мына біздерге тікелей байланысты. Шыны керек бір емес, бірнеше адамның бас ауыртарлық мәселелерінің бірі бүгінгі жастар бейнесі. Өзіммен теңдей бүгінгі бірқатар жастардың ойлау қабілеті өзгергендей. Көпке топырақ шашпаймын, бірақ қазіргі жастар оңай жолдың құрбаны десемде артық емес. Мақтанарлық жастарымыз баршылық, оғанда шүкір, де-

дер бала қалпында оралып жатады. Олар отан алдындағы борышы тұрмақ, өмірлік мақсат, арман атаулының не екенін біледі ме дерсің. Есіл дерті «не киім?», «не ішем?», «қайда барамын?» Бар ойлары осы ғана. Одан қалса кешеді қыз көрсе, жазықсыздық мас-қарасын шығарып, келемеждеп уақыттарын текке кетіреді. Кешегі қаншама жас қыздарымыздың жан түршіктірерлік өлімдері мне осының айнасы, өкініштісі оның барлығы бозбала отандастарымыздың іс-әрекеттері. Кез-келген қазақ қызы менің әпкем немесе қарындасым деп қорған болудың орнына, өз әпке-қарындастарының арын таптап жүргендер қаншама. Міне бұрынғы бозбала мен қазіргі бозбаланың айырмашылығы!

Менің ең қарным ашатындығы: аға-әпкелеріміздің өзіндік ұстанымдарының жоқтығы, қай тұстан алып қарасақ та... Қоғамдағы түйткілді мәселеге бас ауыртпай-ақ, өзге не десе менде соны қолдай салайын деп бас ізей салатындар көп. Кейде жастарға кінә тауға хақымыз бар ма деген ой келеді. Ала-сапран өтінде, ғасырлар тоғысқан уақытта дүниеге келгендер, алындағылардан өнеге алайын десе ол кездің салт-санасы мен түсінігі, қоғамы тым бөлек.

Қазақ жастарының бет алысы осындай боларын білсе керек, кешегі ақын жазушыларымыз жастар туралы қанатты сөздерін текке жазып қалдырмаған секілді. «Өзге емес өзін айтма өз шынымды» демекші өз мініміз бен шынымызды өзіміз айтпасақ, бізден басқа кім айтады. Бесікте жатқан бүлдіршін сәтімізден бастап жақсы тәрбие алу мен жақсы тәрбие беру өз қолымызда. Әліде еш кеш емес. Өз еңбегімді Мағжан атамның қанатты өлең шумақтарымен тамамдағым келеді:

*Көздерінде от ойнар
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!*

Фарангиз БАЛТАБАЙ,
«Созақ» жалпы орта мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы.

Патриоттық сезім

Патриотизм өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі.

Әр-адамда әр-түрлі патриоттық сезім, еліңе, жеріңе, атамекен, ауылына патриоттық сезімі болады. Сезім дегеніміздің өзі ешқашан өшпейтін алаулап тұрған от секілді, не тежей де алмайсың, кейде артықта кетіп қалатын жайттар да кездеседі. Қазіргі қоғамда жер, тіл, ел, ұлт бәрі-бәрі ұлттық мүдде аясында көрініс табады хақ. Патриоттық сезім бізге басты мәселелердің бірі десек болады. Неліктен? Өйткені; патриоттық сезім, кешегі алаш қайраткерлері оята алмай зар шегіп өткен, әрине біз олардың ұлттық рухын биік қойып, жан алып, жан беріп ояншы қазағым деп тәуелсіздікті аңсап өткенің біз жақсы білеміз. Кешегі Абай атамныңдай, қазақ рухын, жан-тәнін, қазағым деп соққан жүрегің өлеңдерінен және де қара сөздерінен біз байқауымызға болады.

Қазақ халқы құрылғаннан бері Керей мен Жәнібек хандар бастағаннан бері, қазақ халқының патриоттық сезімі, ой өрісі, қазағым, жерім елім деген, ұлттық санада, біздің барлық рухани құндылығымыз бірігіп ұштасқаны белгілі. Сол жылдары қалай ел, қандай жер боламыз деген мәселелер туындағаны бізге мәлім. Қазақ хандығынан ары Сақтар, Ғұндар, біздің жерімізде мекендеп, нақты факттер болмаса да, біздің ата-бабамыз, сол ғасырлардан бастап біздің ұлттық құндылығымыз біртіндеп қалыптаса бастады деуге болады.

Талай арыстарды өз ұлты үшін жандарын құрбан етуге итермеледі: неге? Алаш қайраткерлерің жандарың қиюға мәжбүр етті; басқа ұлт емес, біздің ұлттан неге осыншама ұлт зиялыларың қуғын-сүргінге түсірді? Тек бұл жағына келгенде бізге нақты ештеңеде мәлім емес. Сонда қазағым деп шырылдап жанын берген біздің, Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларың, нақты әлі күнге зерттей алмай жатқанымыз мәлім. Алаш қайраткерлерінің ішінде де бізге белгілілері бар, ал белгілі еместері қаншама.

Соңғы жылдарда осы біздің қоғамда патриоттық тәрбиенің қажеттілігі жайлы көтерген мәселелер, жиі-жиі талқыланып жатыр. Бірақ әліге дейін патриоттық сезімді қалай қалыптастыруға болады деген, баяғы ескі ізбен, батырлар жырын жаттату арқылы қалыптастыруға болады деп ойлайтындардың мардымсыз ұсыныстары әлі күнге дейін, тұщымды жауап бола алмай тұр.

Олай болса, мынау тұрған біздің ұлттық ортамызда, осы айтылып жатқан ұлттық рухани патриоттық сезімді, қалай оятауға, жөнге келтіруге болады? қалай қалыптастырсақ болады? Әрине ең бірінші, өз ұлттық ортамызда, өз ұлтымызға деген

сүйіспеншілік, көзқарасымызды, патриоттық көзқарас ретінде жай-жай баспалдақ ретінде қалыптастырумыз керек секілді. Яғни патриоттық көзқарас жоқ жерде, ешқандайда еліне отаныңа деген сүйіспеншілік шықпайды.

Олай болса баланы сәби кезінен іште жатқанда-ақ, сезімнің бір ұшқыны анасына деген сезім болады. Үлкейе келе бесікте жатқан сәби бесік жыры мен қанығады. Әрі қарай қазақ халқының ертегілері, аңыз-әңгімелері бәрі-бәрі кішкентай баланы патриоттық сезімге алып келеді. Үлкейе келе патриоттық сезімнің қалай үйлесім тауып жатқанын өзі де аңғармай қалады деуге болады. Бірақ қазіргі қоғамда патриоттық сезім бұлай тұрсын, ата-анасы, баласына, баласы ата-анасына сезім жоқ заманға келгендей болып көрінеміз. Өйткені бірін-біріне қайрылмайтын жас ұрпақты тәрбиелеп жатқандай болып өкініс табамыз неліктен? Себебі адамдардың жаманға құштар қабілетін біз бұрыннан білеміз, ал ата-анасына қайрылмайтын, сезімі жоқ бала, қалай елінің патриоты болады деп айта алмаймыз. Әрине патриоты бола алмайды. Сол себепті бірінші сезімді ұлттық тәрбиені сәби кезінен қолға алуды керек. Сол өскелең ұрпақтың көп мүшесі, біздің қазіргі жоғарыда отырған, уәзірлер сияқты болып көрінеді, кім білсін?

Патриоттық сезім деген ұшқыны көрінбейтін жазық дала секілді, ешқашан бітпейтін, жер сықылды айналып келе беретін орта секілді.

Әрбір адам мына өзі өмір сүріп келе жатқан елінің патриоты болса, елде жемқорлықта, артқа сүйрейтін адамзатта болмас еді. Сезім деген бір күш секілді, бір рух беріп тұратын, ешқашан шаршатпайтын, биікке өрлейтін жан-дүниенің қозғаушы күші. Сол күшті Патриоттық құндылыққа ұштастырсақ, біздің еліміздей тату-тәтті дамыған ел еш жерде болмас еді. Сезімнің соның мына бір өлең шумағымен аяқтағым келіп отыр:

Сезім күші қашанда тылсым күйі,

Махаббатқа арнайды көрсін дейді.

Патриоттық сезімі жас баланың,

Ұлттық тәрбие жолында тұрсын мейлі.

Елім, жерім қоғамым таласармын,

Отаным деп шығады алаштарым.

Ұрпағы да өмірін сүріп келді,

Жалғасады менмін деп тала-сар күн.

Қазір керек алаштың жас ұрпағы,

Өтті әне зымырап жас пен көрі.

Жалғасатын алашты сүйрейтіндер,

Тағы шығар патриоты алаштары.

Еркебұлан ДАЙРАБАЕВ,
«Созақ үні» газетінің тілшісі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:

Теңізбаев Сәрсенбек

Сайлаубекұлы

Жауапты хатшының міндетін

уақытша атқарушы:

Нұрсұлтан Қанатұлы

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымның, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев